

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**

ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

**Тақырыбы: ХХ Ғ. ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ДАМУЫ (АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ)**

**Кафедра мәжілісінде талқыланып,
мақұлданған: 2016 ж. «___» қыркүйек
№ ___ хаттама**

**Дайындаған: кафедра аға оқытушысы
полиция капитаны И.М. Искаков**

ҚАРАҒАНДЫ 2016

XX Ғ. ШЕТЕЛДЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУЫ (АНГЛИЯ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ)

ЖОСПАР:

1. Қазіргі заманғы мемлекет және құқық эволюциясы.
2. Жаңа уақыттағы Германияның дамуы. Герман фашизмінің ерекшеліктері.
3. XX ғ. Францияның саяси-құқықтық дамуы.
4. XX ғ. Англияның мемлекеттік-саяси тарихының ерекшеліктері.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

- Биекенов Н.А., Сәлкебаев Т.С., Сейдіғалиев Т.Р. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды., 2005
- Сейдіғалиев Т.Р., Искаков И.М. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құрал. – Қарағанды., 2015
- Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихы. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы., 2008
- Всеобщая история государства и права в схемах. Древний мир. - М., 1996
- Бонгард - Левин Г.М. Индия эпохи Маурьев. М., 1973
- Васильев Л.С. Курс лекций по Древнему Востоку. М., 1985
- Всеобщая история государства и права./ Под ред. Батыра К.И.. М., 1996
- Дьяконов И. М. Общественный и государственный строй Древнего Двуречья.
- История государства и права зарубежных стран./ Под ред. Жидкова О.А. и Крашенинниковой Н.А. ч.1., М., 1988
- Мұхтарова А.Қ. Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Алматы, 2005
- Крашенинникова Н.А. История права Востока. М., 1994
- Лаурье И.М. Очерки древнеегипетского права 16-10 вв. до н.э. Л., 1960
- Хрестоматия по истории государства и права зарубежных стран. М., 1984, с.12-34
- Шапақ Ү.Ш., Шетелдердің мемлекет және құқық тарихы. Оқу құралы. Астана., 2005
- Черниловский З.М. Всеобщая история государства и права. М., 1996

Кіріспе

XXғ. басындағы Англияның мемлекеттік құрылысындағы өзгерісін, Министрлер кабинетінің басқару жүйесін, партиялық жүйенің эволюциясын, Парламент реформасын, Ш-1У республика кезеңіндегі Францияның мемлекеттік дамуын, У республиканың құрылуын, 1985ж. Конституциясын, оның ерекшеліктерін зерделеу.

20-ғасырдың басындағы Англияның мемлекеттік құрылысындағы өзгеріс. Министрлер кабинетінің басқару жүйесі. Парламент реформасы.

Ш-1У республика кезеңіндегі Францияның мемлекеттік дамуы.

У республиканың құрылуы. 1985 ж. Конституция, оның ерекшеліктері.

Германиядағы фашистік диктатураның орнауы және оның себептері. Фашистік саяси режим, фашистік диктатураның механизмі.

Фашистік Германияның күйреуі. ГДР мен ГФР-ның құрылуы. Германияның бірігуі.

Англия мен Францияның қазіргі уақыттағы буржуазиялық мемлекетінің дамуына назар аударған жөн. Егер де Англияда кабинет үстемдігі жүргізілсе, ал онда Францияда алдыңғы қатарды Президент алады. 60-90 жылдардағы мемлекеттің саяси жүйесінің дамуын толық түрде қарастырыңыз. Қазіргі заманда «неофашизмнің» қайта құрылуымен сәйкес фашизмді оқып зерттеудің маңыздығы бар екенін еске алу керек.

Фашизмді куәландыратын реакциялық, шовинистік және шабуылдық топтар диктатурасы ретінде сипаттау керек. Ең нағыз түрінде фашизм Германияда орынға ие болады, бірақ оның отаны Италия болып табылады (1922). Тыңдаушылар 1929-1933 жж. Дүние жүзілік экономикалық дағдарыс Германияның экономикалық және саяси ыдырауына келтіргенін меңгеруге тиісті. Таптық күрес жағдайларында фашистік партияның көсемі билікке жетеді.

Фашистік диктатураның режимін, террор механизмін зерттеу қажет. Фашистік диктатураның бас тірегі – жазалау органдары жүйесіне мән беру керек.

Екінші дүние жүзілік соғыс барысындағы фашизмнің күйреуі халықаралық сахнадағы күштер арақатынасының өзгертуіне жеткізгенін еске алу керек. ГФР құрылуы, 1949 ж. Бонн конституциясының негізгі белгілері.

Германияның бірігу мәселесін қарастырғанда оның бірігу себептері мен одан әрі дамуын зерттеу керек.

XX ғ. Францияның саяси-құқықтық дамуы.

Бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстардың арасындағы Францияның дамуы

Франция бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңген мемлекеттердің қатарларына кіріп, өзіне Эльзас пен Лотарингияны қайтарып алды. Басқа Германияның отарларына ие болды, Сирия және Ливан мемлекеттерін өзіне бағындырды. Францияның буржуазиясы осы соғыстан ұтып, бұрынғысынан да байып шықты. Соғыс Франция экономикасының дамуына әсерін тигізді, әсіресе өнеркәсіп мықты дами түсті. Мемлекеттік құрылысы қатты өзгерген жоқ, атқару билігі күшейді. 1919 жылы әйелдерге сайлау құқығы беріліп, 1922 жылы қайтадан жойылды. Мажоритарлық сайлау жүйесі пропорционалдық сайлау жүйесіне өзгертілді. 1936 жылы Францияда Халық майданы құрылған болатын, оған социалистік, коммунистік және радикал партиялар бірігіп. Леон Блюм басқаруымен үкімет құрылды.

Басқа Еуропа мемлекеттерінде фашистік режим бас көтеріп күшейгені мәлім, сондықтан, Францияны бұл апаттан сақтау үшін осы одақ құрылды. Халық майданы үкіметі мынадай шаралар өткізді: фашизмге қарсы қозғалыстар ұйымдастырды, олардың саяси ұйымдарын таратып жіберіп, әскери қоймаларды жойды. Әскери өнеркәсіптердің кейбіреулері мемлекеттің меншігіне берілді. 40 сағаттық жұмыс аптасы енгізілді. Екі жұмалық демалыс бекітілді. Кәсіподақтар ұжымдық шарттар құруға құқықты болды. Қолөнершілерге, ауылшаруашылық жұмысшыларына кредит түрінде көмек берілді. Бірақ солшыл күштер мемлекетті тек 1937 жылға дейін басқарды, банктер мен трестердің басын көтере алмай, отставкаға кетті. Билік оңшыл партиялардың қолына көшті.

Германияның әскерлері Францияның аудандарына кірген кезде Лондон қаласында орналасқан Ұлттық комитет Францияны басқарған болатын. Бұл комитетті онда ешкімге белгісіз де Голль басқарды. Коммунистік партия Франция жерлерінде фашистерге қарсы халықты ұйымдастырып, қайтадан Ұлттық майдан құрды. 1944 жылы осы Ұлттық майданның өкілдері мен Ұлттық комитет уақытша үкіметті құрды қажет етті. Коммунистер бірінші рет үкіметке кірді. Екінші майдан ашылғаннан кейін Францияның уақытша үкіметі Парижге көшті. Енді Францияның мемлекеттік құрылысын шешу қажет болды. 1945 жылдың қазан айында референдум өтіп, Францияның тағдырын құрылтай жиналысы шешетін болды. Францияда парламенттік сайлау өткеннен кейін коммунистік партия, халық-республикалық қозғалысы (жаңа партия), социалистік партиялар өздерінің фракцияларын құруға мүмкіндік алды. Үкіметке осы партиялардың өкілдері кіріп, жаңа конституцияның жобасын жазған да солар. 1946 жылы Францияның жаңа Конституциясы қабылданды. Ол преамбула ретінде 1789 жылғы Адам және азаматтарға жалпы құқық декларациясын алды. Бұл Конституция Францияда парламенттік республикасының режимін бекітті. Конституцияда еңбек ету, дем алу, кәсіподақтар құру, ереуілдер өткізу құқығы, жұмысшылардың кәсіпорындарды басқаруға қатысу құқығы жарияланған еді. Конституция шеңберінде терең саяси-экономикалық қайта құрулар жүргізу мүмкіндігі туды. Саяси жағдай төртінші республика кезінде тұрақты бола алған жоқ: бұл республика тұсында 25 кабинет өзгерді.

Бесінші республика

1958 жылғы мамыр айында Алжирде реакцияшыл офицерлер бүлігі бұрқ ете түсті. Бүлікшілер Францияда "күшті өкімет" орнатуды талап етті. 1946 жылғы Конституцияның қарсы топтары қозғалысқа келді. Демократиялық қозғалыстың жаңадан өрлеу перспективаларынан үрейленген қаржы олигархиясы Төртінші республика тәртібін жоюға бел байлады. 1958 жылы 1 маусымда Ұлттық Жиналыс өкіметті генерал де Голльдің қолына берді де, үш айдың ішінде Францияның жаңа Конституциясы жазылып, референдум оны бекітті. Сол жылдың қазан айында Бесінші республиканың Конституциясы күшіне енді. Бұл Конституция бойынша республиканың бірінші басшысы де Голль еді. Ол екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Францияның фашистерге қарсы ұйымдасқан қозғалысын басқарған белгілі адам. Төртінші республиканың саяси режимі өте тұрақсыз еді, мемлекеттік институттардың көбі дискредитацияға ұшырады. Францияда азаматтық соғыс басталады деген қауіп туды. Осы қалыптасқан жағдайда мемлекетті күшті адам басқаруға тиісті болды.

Жаңа Конституция бойынша парламенттің өкілдігіне шек қою есебінен президенттің құқығы кеңейтілді. Президент қарулы күштердің басшысы болды, премьер-министрді және басқа да жоғары мемлекеттік лауазымдарды тағайындауға, Ұлттық Жиналысты мерзімінен бұрын таратып жіберуге, ал төтенше жағдайда елдегі өкімет билігін бүтіндей өз қолына алуға ерікті болды. Халықаралық қатынастарда Францияның өкілі - президент. Атқару билігі премьер-министр мен үкіметтің қолында.

Францияға мажоритарлы өкілдік жүйе енгізілді. Парламент екі палатадан тұрады: Ұлттық Жиналыс және Сенат. Сессиясы жылына 170 күнге созылады. Конституциялық Кеңес 9 адамнан тұрады, олар 9 жылға сайланады. Қабылданған заңдардың, референдумның және өткізілген сайлаудың Конституцияға сәйкестігін бақылайды.

Бесінші республикада де Голльдің дара өкімет билігі орнықты. Бұл тәртіп, компартияның бағалауынша, монополияның ұлт өміріне үстемдік жасауының жинақталған көрінісі болды. Бесінші республика президенттің билігін күшейтті, Франция парламенттік республикадан президенттік республикаға айналды. Де Голль мемлекетте мықты арбитрсіз басқару процесін өткізу қиын деп санады. Президентті екі дәрежеде өтетін сайлаумен бекітті, алдынан халық сайлаушылардың алқасын бекітті, сол алқа президентті сайлады. 1962 жылдан президентті референдум сайлайтын болды. Президенттің парламентті тарата алатын құқығы бар. Президент өкіметті тағайындайды, өкімет оның алдында жауапты. Президенттің заң шығару бастамасы, вето құқығы, заңды жариялау құқығы бар және керекті жағдайларда заңды Конституцияға сәйкестігін дәлелдеу үшін Конституциялық Кеңеске бере алатын.

Де Голль мемлекетті 1969 жылға дейін басқарды.

Жаңа уақыттағы Германияның дамуы.

Герман фашизмінің ерекшеліктері.

Германияның 1919 жылғы Веймар Конституциясы.

Германияда бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін ішкі жағдай былай қалыптасқан еді. Бұл елде 1918 жылдан кейін терең әлеуметтік-саяси дағдарыс басталды. Халық соғысқа байланысты қиыншылықтарға шыдай алмай, соғысты бастаған үстем тапқа наразылығын көрсете бастады. 1917 жылы халық көтерілістері басталды. 1918 жылы әскери кәсіпорындарда көтерілістер шықты. Көтерілісшілердің қойғаны-Германия соғысты бейбітшілік шартпен аннексия және контрибуциясыз аяқтасын деген талап. Кейбір қалаларда жұмысшылардың кеңестері құрылды. Бірақ кайзер үкіметі бұл көтерілістердің бәрін басты.

Неміс әскерінің талқандалуы Германияда революциялық жағдай туғызғаны мәлім. Революцияның өзі Киль қаласындағы теңізшілер көтерілісінен басталды, оған Гамбург, Лейпциг, Мюнхен, Бремен сияқты ірі қалалар да қосылды. Жұмысшылардың және солдаттар депутаттарының кеңестері құрылды. 9 қараша күні Берлин қаласында көтерілісшілердің жеңгенін көріп, кайзер Екінші Вильгельм Голландияға қашып кетті. Монархия жойылды. Енді мемлекеттің алдағы бағыты белгісіз еді. Осы қалыптасқан жағдайда имперлік үкімет билікті социал-демократиялық партияның қолына берді де, Эберттің басшылығымен бірінші үкімет құрылды. Олар мемлекеттегі өзгерістер жай реформамен өтуге тиісті деп санады, әлеуметтік келісімді сақтап, социализмге компромисс өдісімен жеткенін дұрыс деп есептеді. Бұл партияның бір бөлімі Тәуелсіз социал-демократтар Каутский мен Бернштейннің басқаруымен бөлінді. Тағы бір бөлімі Германияның сыртқы әскери саясатына қарсы шыққан "Спартак одағы" деген ұйым. Революциядан кейін монархияның саяси жүйесі жойылған кезде шын билік Кеңестердің қолында болатын. Оларды Берлин қаласының Кеңесі басқарды. Бұл органдар жұмысшы табының мүддесін қорғайтын еді. Социал-демократтардың үкіметі буржуазияның мүдделерін жақтады, сөйтіп ол жеке меншік құқығын сақтап, банкідегі ақшалардың тұтастығына кепілдік беріп, Кеңестердің билік етуіне қарсы шықты. Бұл қалыптасқан жағдайда Эберттің үкіметі Құрылтай жиналысын дайындап, Германияның тағдырын солай шешкен дұрыс деп санады. 1918 жылғы желтоқсан айы Германия кеңестерінің съезінің өткен кезі. Эберттің үкіметі толық билікке ие болды. Жұмысшылар авангарды бұл саясатпен келіспей, сол айда Коммунистік партияның құрылтай жиналысын өткізді. Бұл партия социалистік құрылыстың негізгі мақсаттарын алдына қойған болатын, олардың арасында пролетариаттың диктатурасын қалыптастыру, капиталистік меншікті және банкілерді экс-проприациялау, пролетариатты қаруландыру, милитаризм саясатын жою және басқа мәселелер бар еді.

1919 жылы Коммунистік партия Берлин қаласындағы үкіметке қарсы ұйымдастырған көтеріліске қатысты. Үкімет қанды шаралар қолданып, ол көтерілісті басуда аянып қалған жоқ. Пролетариаттың көсемдері Р. Люксембург пен К. Либкнехт өлтірілді. Сөйтіп, Германияның пролетарлық қозғалысы басталды. 1919 жылдың қаңтар айында Веймар қаласында Құрылтай етті, оның сайлауында буржуазиялық партиялар 16 миллион дауыс, екі социал-демократиялық партия 13, 5 миллион дауыс жинаған еді.

Германияның президенті болып Макс Эберт сайланды. Үкімет осы үш партияның өкіддерінен құрылды. Сол айда Веймар қаласындағы бүкіл Германияның Құрылтай жиналысында Германияның жаңа Конституциясы қабылданған еді. Оның алдында тұрған мақсаттардың бірі Пруссияның үстемдік рөлін жою. Енді неміс мемлекетінің федерациясы басқа принциптермен құрылды, федерацияның субъектілері бір-біріне тең болатын. Олар "жерлер" деп аталатын болды. Орталық федеративтік органдардың билігі өте күшті, олар кейбір жағдайда жерлердің салық саясатына да кірісе алатын еді. Осы Конституцияның тағы бір ерекшелігі шаруашылық саласының реттелуі (5-бөлім). Бұл Конституция 14 жыл бойы қолданылды, ол буржуазиялық-либералдық құжаттардың қатарына кіреді. Конституция Германияны парламенттік республика деп іскіткен, бірақ ол империя деген атағын сақтады.

Жоғарғы Заң шығарушы орган 4 жылға сайланды. Ол екі палатадан: рейхстаг және рейхсраттан тұратын. Оны сайлау үшін Германия 35 сайлау округіне бөлінді, сайлау пропорциялық жүйемен өткізілетін. Сайлауға әйелдер және 18 жасқа толған азаматтар қатысатын болды. Германияның федералдық құрылысын рейхсрат деген жоғарғы палатаның құрылысы көрсетті. Ол Германияның 18 жерінің өкілдерінен құрылды. Олардың 15-і республика, 3-ерікті қалалар. Германияның жерлерінде өзінің федералдық конституцияға сәйкес келетін конституциясы және ландтаг деген заң шығарушы органы мен үкіметі болатын. Пруссия рейхсратта 26, Бавария 10, Саксония 7, Баден 3 дауысқа ие болды. Әрбір мемлекеттің рейхсратқа 40 проценттен артық депутат жіберуге құқығы жоқ, бұл баптың Пруссияға қарсы алынғаны көрініп тұр.

Германияның президенті 7 жылға сайланды. Президенттің құқықтары өте күшті болатын, оның құқықтары императордың құқықтарынан артық болмаса, кем емес. Империя үкіметінің басшысы-канцлер, бұл I сормания мемлекетінің ерекшелігі. Оны император тағайындайды, кейбір жағдайларда ол рейхстагтің пікірімен санаспай, канцлерді қоя алатын. Канцлердің ұсынысымен президент министрлерді тағайындады. Бүкіл азаматтық және әскери тұлғаларды да президент тағайындады.

Барлық буржуазиялық демократиялық құқықтар мен бостандықтар Конституцияда жарияланған. Германияның әлеуметтік саясаты әрқашанда күшті болатын, оның жұмысшы табы күшті және жақсы ұйымдасқан. Олар әлеуметтік талаптарының көбін құқықтық құжаттарда дәйектеп көрсеткен. Конституцияның 165-бабы осы бағытты жалғастырып, өнеркәсіп Кеңестердің құрылуын бекітті. Олар еңбек, жалақы, әлеуметтік мияслелермен айналысуға тиісті болды. 8 сағаттық жұмыс уақыты, еңбекті қорғау, ұжымдық шарт қәсіподақ пен әкімшіліктің арасында құру, мемлекеттің жұмысшыларына көмектің түрлерін беруі осы Конституцияның прогрессивтік жағын көрсетеді.

1919 жылы Германия Версальдық шартқа қол қойды. Ол бойынша Францияға Эльзас және Лотарингия жерлерін қайтарып берді, отарлардың

көбін жоғалтты, контрибуция төледі және 100000-нан артық әскер құруға құқықсыз болатын.

Неміс буржуазиясының консервативтік топтары контрреволюцияның әлеуметтік негізін кеңейту үшін Германияда пайда болған фашизм қозғалысына күшін салды. Фашистер соғыстан жамандық көрген, қоғамда өздеріне орын таба алмаған элементтерді бір топқа жатады. Фашистік партия 1919 жылы құрылды. Оның бағдарламасының ең бірінші мақсаты немістердің жаңа рейхін құру және неміс емес халықтарды, коммунистерді, марксистер мен еврейлерді құрту. Әлеуметтік демагогия, семиттерге қарсылық, шовинизм бұл партияның негізгі белгісі болды. 1920 жылдан бұл партия Германияның ұлттық-социалистік жұмысшылар партиясы деп аталды. 1919 жылы Адольф Гитлер партияның басшысы болып сайланды. Ол ұсақ Австрия қызметкерінің отбасында туған, оқымаған, ауру, герман әскерінің ефрейторы. Бірақ ол мықты саяси қайраткер, жақсы демагог, шешен адам еді. Ол басқарған кезде бұл партия Баварияның мықты антикоммунистік партиясына айналды. Партия жұмысшыларға трестердің мемлекеттік басшылығына көшуге, шаруаларға жер реформасын, ұсақ буржуазияға ірі сауда дүкендерінің "муниципализациясын" жасауға уәде берді. Ұлтшыл социалистердің демагогиялық бағдарламасы 25 тармақтан тұратыны, сондағы мәселелердің бірі – Германияның шекарасын қайтадан белгілеу еді. Партия басшылары халықтың ұлттық – патриоттық сезімін пайдаланып, Версаль шарты бойынша Германияның жағдайының нашарланғанын сезіп, Германияның бұрынғы күшін, ұлылығын қайтару туралы бағдарлама жасады. Фашистер халық басындағы қиыншылықтардың бәрін демократиямен байланыстырды, сондықтан парламентаризмді, демократиялық режимді қажетті деп санаған жоқ. Халық фашизмнің демагогиялық уәделеріне сенді. Ал монополистік капиталдың фашизм өзінің саясатын жүзеге асыратын мықты құрал деп санағаны анық. Ірі капиталистер осы партияға кірді.

1923 жылы Германияда соғыстан кейінгі қиыншылықтарға байланысты (репатриация, инфляция) қайтадан революциялық жағдай қалыптасты. Саксония мен Тюрингияда жұмысшылардың үкіметтері орнады. 1923 жылы Гамбург қаласында қотеріліс болды. 1924 жылы Германияда экономикалық жағдай жақсарды. АҚШ пен Ұлыбритания 1924 жылы "Дауэс жоспарын" қабылдаған болатын. Енді Германияның репатриациясы реттелді. 1929 жылы дүниежүзілік терең дағдарыстың басталды. Бұл дағдарыс Германияда өте қиын жағдайда өтті. Бұл мемлекеттің төлейтін репатриациялары жағдайды ауырлатып жіберген еді. Өнеркәсіп өнімінің шығуы жартылай азайды. Бұл кезде жұмыссыз қалған адамның саны 9 миллионға жақындады. Дағдарыс кезінде 2 мың ереуіл болып өтті. Коммунистік партияның жағдайы күшейіп, 1930 жылы өткен сайлауда оған 4,5 миллион адам дауыс берді. Коммунистер Германияда социалистік мемлекет құрып, дағдарыстан шығуға болады деп санаған еді.

Жаңа төңкерістен қорқып, монополистер Германияның фашистік партиясына билікті берді. Германияның президенті Гиндебург

парламенттегі көпшілікке қарамастан, Конституция берген билігін қолданып, Германияның канцлері етіп Гитлерді тағайындады. Гинденбургтің өзі Германияның президенті болып 1925 сайланған еді. Сол кезде ол ауру, өте кері адам еді. 1934 жылы ол қайтыс болғаннан кейін, Гитлер президенттік лауазымды жойды. Гитлердің партиясы өзінің ықпалын күшейтті. Осы кезде фашистердің демагогиясы кедейленген ұсақ буржуазияны, шаруаларды, жұмысшыларды, жұмыссыз қалған адамдарды өздерінің жағына тартты. Саяси бағдарын жоғалтқан адамдардың бұл партиядан көмек күтуі заңды еді. Оларды алдаған "Версальді жою", плутократияны жою, трестерді бақылау, ірі дүкендерді жабу, жұмыссыздықты жою, аграрлық реформа өткізу дегендей демагогиялық талаптар. "Ұлы Германияны құру", "Коммунизмді құрту", деген ұрандар монополистік топтарға ұнады. 1932 жылы Гитлер Дюссельдорф қаласында бірнеше рет герман монополистерінің алдында сөйлеп, содан кейін олар оған ақшаларын құйды. Фашистердің ықпалын рейхстагтың сайлауы көрсетті: оларға дауыс бергендер 1928 жылы 800000, 1930 жылы 6,4 млн., 1932 жылы 13,7 млн. адам болды.

1929-1933 жылдары дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың аса маңызды салдарының бірі империалистік мемлекеттер арасындағы қайшылықтардың шиеленісе түсуі еді. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін жеңген державалар құрған жүйеде үлкен жік пайда болды. Жеңілген елдер қарымта қайтаруды және өз бәсекелестерінегі басым түсуді көздеген еді. Капиталистік дүниедегі қатынастар бұрын да империалистік принциптерге, ең алдымен, әлдінің әлсізді басып-жаншуына, өктемдік пен зорлық зомбылыққа негізделетіні белгілі. Қайшылықтардың шиеленісу көзін империалистік мемлекеттердің экономика саласында да, саяси ықпал өрісінде де дамудың әркелкілігінің күшеюінен іздестіру керек.

30-жылдардың басында, бір жағынан, Германия, Италия, Жапония, екінші жағынан, Ұлыбритания, Франция, АҚШ арасындағы қайшылықтар өте күшейді. Фашистік мемлекеттер тым агрессияшылдығымен көзге түсті. Дүниежүзінде өз гегемондығын орнықтыру мақсатымен агрессорлар жаңа дүниежүзілік соғыс әзірлеуді және оны тұтандыруды негізгі мақсат етіп қойды. Екінші топтағы елдердің капиталистік дүниедегі басым позицияларын сақтап қалуға ұмтылуы да заңды еді. 1930 жылы "Республиканы қорғау және елді татуластыру" деген төтенше заң қабылданды. Мемлекеттік құрылысты ашық сынауға болмайды, ол үшін азаматтар жауапкершілікке тартылады. Полиция осындай жиналыстарды тарата алатын. Әкімшілік органдар газеттер мен журналдарды белгілі уақытқа жаба алды. Конституцияда бекітілген азаматтардың негізгі құқықтарын 1931 жылдың 28 наурызында қабылданған төтенше заң жойды. Бұл заңдар демократиялық режимді шектеп, Гитлердің партиясы билікті қолына алу процесін жеңілдеткен еді. Монополиялар ұлы дағдарыстың қиыншылықтарын халықтың иығына салды. Жұмысшылардың жалақысы, жұмыс орындары азайды, 6 миллион адам жұмыссыз қалды, еңбек уақыты көбейді, әлеуметтік көмек нашарлады.

Гитлердің үшінші рейхі. Фашистік режим.

1932 жылғы сайлауда Германияда фашистік партияға 13 миллион, коммунистерге 6 миллион дауыс берілді. Германияның банкирлері мен ірі кәсіпорын иелері Гинденбургке Гитлерді рейхсканцлер етіп қойсын деп петиция бергеннен соң, Германияның президенті Гинденбург Гитлерді канцлер етіп қойған болатын. Билік фашистердің қолына берілді. Олар ең реакциялық, шовинистік және агрессиялық қаржы олигархиялық топтардың мүддесін қорғады. Гитлердің билікті қолына алғаны мемлекеттік төңкеріске ұқсас. Бұл жағдай буржуазияның және коммунистердің әлсіздігін көрсетті. Коммунистер оған қарсы шықса да, оларды ешкім жақтаған жоқ. Фашистік режимнің құрылуы келесі себептерге әкеліп соқты: монополистік буржуазия фашистік әдістерді терең дағдарыстан шығу үшін пайдаланғысы келді; шаруалар мен ұсақ буржуазия фашистердің демагогиялық әлеуметтік бағдарламасына сеніп, мемлекеттен әлеуметтік көмек күтті. Германияның пролетариаты ыдырап, фашизмге қарсы шыға алған жоқ.

Германияның фашистік режимі классикалық режимге жатады. Фашистік үкімет Веймар Конституциясында жазылған демократиялық құқықтар мен бостандықтарды жоюдан бастады. Фашистік режим қоғамдық және саяси қарым-қатынастардың бәрін бақылады. Бір жағынан террор аппаратының күші (СС, СА, халық трибуналдары), ал екінші жағынан қоғамдық өмірді бақылайтын ұйымдар (ұлттық-социалистік партия, ұлттық-социалистік әйелдердің одағы, Гитлер жастарының ұйымы, еңбек майданы және басқалары) қоғамдық өмірді бақылады. Бірақ Гитлердің насихат аппараты да күшті болды. Коммунистік әдебиеттер, сонымен қатар Гейне кітаптары өртелді. Фашистердің идеологиялық, тәрбие жұмыстары өте жақсы ұйымдастырылған болатын. Мектептен бастап фашистік партия, мемлекеттік аппарат арийлердің басқа адамнан жоғары екенін, олардың дүниежүзілік үстемдік миссиясы бар екенін насихаттаумен болды. Ол үшін мерекелер, ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар қолданылды. Гитлер насихатында маңызды рөл атқарған "Жалғыз халық, жалғыз мемлекет, жалғыз фюрер" деген ұран. Гитлердің "Менің күресім" деген кітабын немістердің бәрі оқып, бір-бірімен "Хайль Гитлер" деп амандасуға тиісті бодды.

Гитлерге фюрер ретінде жаңа (төтенше) құқықтар берген. 1934 жылғы 30 қаңтардағы «Рейтінң жаңа құрылысы» туралы заң, оны империялық үкіметтің басшысы ретінде, жаңа конституциялық құқық шығаруға міндеттеді. Германия билік бөлу, құқықтық мемлекет принципін қолданбайтын болды, 1933 жылғы 4 ақпанда "Неміс халқын қорғау" туралы заң қабылданды. Бұл заң полицияның құқықтарын күшейтіп жіберді. Саяси жиналыстарда қоғамдық тыныштықты бұзатын немесе мемлекеттік тұлғаларды сынайтын сөздер айтылса, ол ондай жиналыстарды таратып жібере алатын. Рейхстагтың өртелуінен Коммунистік партияға қарсы істелген арандату басталды, ең бірінші болып құрбан етілген Коммунистік партия. Гитлер коммунистерді "рейхстагты өртедіндер" деп айыптап, 1933 жылы Коммунистік партияны жойды. Оның ақпараты жабылып, коммунист депутаттардың мандаттары да жойылды. Коммунистерді түрмелерге,

концлагерлерге қамап, қырып-жойды. Келесі шара басқа партияларға тиісу арқылы, бірте-бірте қоғамда тек фашистік партия ғана қызметін жүргізе алды.

Сөйтіп, коппартиялық жүйе жойылған еді. Жаңа партияларды ұйымдастыруға тыйым салынды. Мемлекеттік аппарат пен фашистік партия қосылып, мемлекетте үстемдік жағдайын нығайтқан еді. Партия шешімдері мемлекеттік заң күшіне ие болды, өйткені, фашистік ұйымдар мемлекеттік функцияларды атқаратын. Партия мүшесі болмаған азаматтар мемлекеттік аппаратқа кіре алған жоқ. Бұл жағдайдың құқықтық негізін дәйектеген 1933 жылы 1 желтоқсанда қабылданған "Партия мен мемлекеттің бірлестігін жүзеге асыру туралы" заң.

Фашистік партия мен оның ұйымдары фашистік мемлекеттің негізгі күші деп белгіленді. Гитлердің партиядағы орынбасары үкімет құрамына кірді. Партияның жергілікті басшылары (гаулейтерлер) империяның өкілдері деп саналды. Партиядағы билік фюрердің қолына жиналды. Үкімет 1933 жылдан бастап төтенше құқықтарға ие болып, заң шығаратын құқықты қолына алуы.

1933 жылы Гитлер төтенше бірнеше заң қабылдады. 1934 жылы Гинденбург қайтыс болғаннан кейін президенттің сайлауын өткізбей, канцлер өз қолына бұл екі функцияны бірдей жинақтады. Гитлердің "фюрер және рейхсканцлер" деп аталу себебі осында жатыр. Фюрердің құқықтық жағдайы конституцияда бекітілген жоқ. Фюрер партияны, үкіметті және мемлекетті басқара беретін болды, ол қызметін өмір бойы істейтін және өзінен кейін қалатын адамды белгілеу құқығына да ие. Мемлекеттің ең ықпалды тұлғаларын өзінің партиясының өкілдерінен қойып отырды, олар тікелей өзіне ант беретін. Мемлекеттік аппаратта қызмет ететіндер тек "арийлер" ғана. Оның қызметкерлерінің саны екі есе көбейді. Имперлік үкімет Конституцияға сәйкес келмейтін заңдарды өзі қабылдай беретін болды.

Германияда тоталитарлық, фашистік диктатураның құрылу жолы қысқаша осындай. Формальдық түрде Веймар Конституциясын ешкім жойған жоқ, бірақ рейхстаг негізгі қызметін атқара алмады да, оны тек демагогиялық саясаты үшін пайдаланды. Жергілікті өзін-өзі басқару жойылды да, Германия жалпы мемлекетке айналды. 1934 жылы Рейхсрат мемлекеттік федеративтік неміс жерлерінің өкілдерінен құрылған орган жойылды. Жерлердегі билік фюрердің тағайындаған штатгальтерге берілді. Гитлердің мемлекеттік аппаратының экономикалық процестерді белсенді реттегені мәлім. Ол үшін 1933 жылы "Герман шаруашылығының бас Кеңесі" құрылған болатын. Ол Гитлердің жанындағы кеңесші орган. Бұл кеңеске герман экономикасының ең бай және абыройлы адамдары кіретін. Мемлекеттің экономикалық саясатын дәйектеген 1934 жылы алынған "Герман шаруашылығының органикалық құрылысы туралы" заң. Бұл заң бойынша 6 экономикалық топ қалыптасты, олар: өнеркәсіп, энергетика, сауда, сақтандыру, қолөнер және шаруашылық топтары. Оларға 44 шаруашылық тобы қарайтын. Германия 18 экономикалық округке бөлінді де, әрқайсысын округтік экономикалық палата басқарды. Топтар мен

палаталардың басшыларын үкімет тағайындады. Олардың қолында толық экономикалық билік болғандықтан, экономикалық басқару бір орталықтан жүргізілетін. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылықты жұмыс күшімен қамтамасыз ету үшін мәжбүр ету еңбегі енгізілді. Бүкіл жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбек майданына кіруі шарт болатын.

Халықтың жағдайы нашарлады. Жұмыс уақыты 10-12 сағатқа жетті де, жалақы азайды. Фашизмнің сыртқы саясаты милитаристік еді. Гитлер бірінші күннен бастап соғысқа дайындала бастаған. Гитлердің фашистік режимі классикалық фашистік режимдерге жатады. Ол өзінің параноикалық мінез-құлқын және ауруларын өз режимі арқылы аңғартқаны белгілі. Мемлекеттік аппараттың бүкіл органдары тек өзіне бағынды. Олардың арасында тұтастық байқалған жоқ, оның толығымен қолданғаны ағылшынның "Бөліп ал да, билей бер" деген принципі. Оның аппаратында тәрбие жұмысы өте қатты жүргізілді, демагогиялық жағынан Гитлермен салыстыратын адамды табу өте қиын. Ол жұмысшыларға, шаруаларға, қолөнершілерге көптеген уәде берді, бірақ көбін жүзеге асыра алған жоқ.

Құқық қорғау органдарының саны ғана емес, беделі де күшейе түскен болатын. Бір-бірін бақыласын деп Гитлер оларды өзара қарсы қойып, арасындағы қайшылықтарды өзі туғызып отырды. 1925 жылы Гитлерді қорғау үшін Гестапо, СС, СА (күзет және шабуыл отрядтары), құрылған еді. Олар өзіне тікелей бағынып, тек бірыңғай нацистік партияның мүшелерінен тұратын. 1937 жылы олардың саны 200000, 1939 жылы 300000 адамға жетті. СС отрядтары: жалпы отрядтар, әскери отрядтар және "Өлібас" деп үшке бөлінді. Жалпы отрядтар фюрердің саяси солдаттарынан құрылды. Олар буржуазия мен зиялы қауым өкілдерінен және әскерлерден, ал әскери отрядтар баскесерлерден, Гитлерді қорғайтын фашистік партия мүшелерінен тұрды. Осы отрядтар Гитлердің ең ауыр тапсырмаларын, террористік актілерін орындады. "Өлібас" отрядтары полицейлік функцияларды да атқарып, халықтың көтерілістерін басты және концлагерлерде қызмет етті. Оның негізгі мақсаты – оппозицияны құрту еді.

1933 жылы гестапо құрылды. Ол жалпы полициядан бөлініп, мемлекеттік тәуелсіз органға айналды. Фашизмге қарсы шыққан, көтерілген адамдарды гестапо аяған емес. Олардың бес үйге бір агенттен келетін тыңшылары бүкіл Германияны бақылады. Өлген 5 миллион еврейлердің қаны ең алдымен осылардың мойнында. 1936 жылы Гиммлер гестапо мен қылмыстық полицияны біріктіріп, қауіпсіздік полициясын құрды. Фашизмнің тағы бір құралы – концлагерлер еді. Олар 2,5 млн. адамды өлтірді. Адам өлтіру, қинау гестапо қолданатын негізгі әдістер болды.

Германия әскері. 1934 жылдан бастап жылдам дами бастады. Бәріне бірдей жалпы әскери міндет 1935 жылы енгізілді, Германияның 18-45 жастағы ер адамдары әскери міндеттерін орындауға тиісті болатын. Алдында қызмет мерзімі 1 жыл, кейін 2 жыл деп бекітілді. 45 жастан асқан ер адамдар запаста, резервте тұрды. Вермахтты құрып, Гитлер флотты ұйымдастыра бастады. 1941 жылғы Германия әскерінің саны 7234 мың адамға жеткен еді. Бұл өзгерістермен экономиканы милитаризациялау басталды. Заң бойынша 25

жасқа толмаған, жұмыссыз жүрген жастар еңбек істеуге міндетті. Оларға жол, әуе жолы басқа да әскери объектілерді салғызды. 1936 жылдан бастап төрт жылдық жоспар қабылданды. Жаңа экономикалық жүйені басқарған "Герман Геринг" деген кәсіпорын 500 кәсіпорнын біріктірді, Германияның соғысқа дайындығы күшейе түскен болатын.

1934 жылы «халық соттары» деген ұйым құрылды. Олардың қарайтыны саяси қылмыскерлердің істері еді. Бұл соттар Гитлердің өзі тағайындаған адамдардан тұратын, олар шешімдерін заңға негіздеп емес, ішкі құқықтық сана сезімі арқылы шығарды. Бұл төтенше соттар, жай соттармен қатар қызмет етті, бірақ олардың шығарған шешімдеріне шағым беруге рұқсат етілмеді. Төтенше соттардың қызмет етуі демократия принциптеріне қарсы болғаны мәлім.

1940 жылы қабылданған "Барбаросс" жоспарының мәні Гитлердің сыртқы саясатын көрсетті.

Германияда фашистік режимнің келесі белгілері орнықты: мемлекеттік аппараттың маңызды қызмет орындарына тек әскери-фашистік топтар өкілдері қойылды; өкілетті және федеративтік мекемелер мен мемлекеттік органдар жойылды; саяси партиялардың бәрі таратылып, жалғыз ұлттық-социалистік партия ғана саяси өмірге қатысатын болды; конституциялық-буржуазиялық құқықтар мен бостандықтар да жойылды; конституциялық заңдылықтың орнына келгені әскери-полицейлік зорлық-зомбылық.

Германияның 1949 жылғы Конституциясы

Неміс фашист әскерінің үлкен жеңілістерге ұшырауы Германияның жағдайынның нашарлауына әкеп соқтырды. Фашистік режимнің дағдарысы барған сайын тереңдей берді. Генералдар, жоғарғы қызметкерлер мен қаржы-өнеркәсіп алпауыттарының бір тобы Гитлерге қастандық ұйымдастырған еді. Қастандық жасаушылардың мақсаты "фюрерді" орнынан тайдыру, Ұлыбританиямен және АҚШ-пен оңаша бітім жасасу, соның нәтижесінде босаған әскерлерді Кеңес одағына қарсы Шығыс майданға төгу болатын. Алайда 1944 жылы 20 шілдеде Гитлерге қарсы жасаған қастандық сәтсіз болып шықты. Гитлер ставкасында қастандық жасаушылардың бірі қалдырып кеткен бомба жарылғанымен, Гитлер тірі қалды. Қастандыққа қатысушылар көп кешікпей ұсталды.

1945 жылы Ялта қаласында Кеңес одағы АҚШ және Ұлыбритания мемлекеттері үкімет басшыларының конференциясында Германияның тағдыры шешілді. Бұл конференцияда Германияны біржола талқандаудың әскери жоспары және дүниені соғыстан кейін қайта құрудың негізгі принциптері жасалды. Үш мемлекеттің басшылары герман милитаризмі мен фашизмін жою, сондай-ақ Германияның енді ешқашан бейбітшілікті бұза алмайтындығына кепілдік жасау, одақтас державалардың мақсаты болып табылады деп мәлімдеді. Одақтастар фашистік озбырлықтан азат етілген елдерде келісілген саясат жүргізуге, олардың тәуелсіздігін қалпына келтіріп, демократиялық дамуына қолғабыс етуге, бұл мемлекеттерге экономикалық көмек көрсетуге міндеттенді.

1945 жылдың 8 мамыр күні жеңілген Гитлер Германиясының өкілдері Германияның сөзсіз тізе бүккені туралы актіге қол қойды. Германиядағы Жоғарғы өкімет билігі одақтас державалар мемлекеттерінің қолына көшуі заңды да еді.

1945 жылғы 17 шілденің 2 тамыз аралығында Потсдамда КСРО, АҚШ және Ұлыбританияның үкімет басшыларының үшінші конференциясы болды. Онда соғыстан кейін дүниені қайта бөлісу мәселелері қаралды. Конференцияда одақтастардың Германия жөніндегі саясатының басты принциптері жасалды.

Келісімде көзделген жағдайлар Германияны толық қарусыздандыру, фашизмді түп-тамырымен құрту және елдің саяси өмірін демократиялық негізде қайта құру. Неміс монополистік бірлестіктердің бәрі жойылып, мемлекеттің демократизациялауы өткізілді.

Үш мемлекеттің шешіміне орай 1945 жылғы көкекте Сан-Францискода антифашистік коалиция елдерінің конференциясы ашылды. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымын (ООН) құрып, оның жарғысын қабылдаған еді. Біріккен Ұлттар Ұйымы халықтардың егемендігін, теңдігі мен өзін-өзі билеуін, олардың арасында кең ынтымақтасуды дамыту принциптері негізінде құрылды. Біріккен Ұлттар Ұйымының алдына қойған міндеті, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, жаңа соғыс қатерін болдырмау және жою. Жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтау жөніндегі басты жауапкершілік Қауіпсіздік Кеңесіне жүктелді.

1946 жылы АҚШ, Ұлыбритания және Франция Потсдам конференциясының шешімдерін орындамай, жүктелген бұл келісімнен бас тартты. Олардың ұстанған бағыты Германияны бөлшектеу болғаны белгілі. Олардың ойы Батыс Германияда өкімет басына реакционерлерді қою және оны Кеңес одағы мен басқа да социализм елдеріне дұшпан милитаристік мемлекетке айналдыру болды.

Ескі әскери-өнеркәсіптік концерндер негізінде басқа жаңа концерндердің пайда болуы, Батыс Германияны демилитарландырудың салдары деп саналды.

АҚШ және Ұлыбритания өздерінің Германиядағы зоналарын қосып, Бизония деген одақты құрды. 1948 жылы Франция өзінің жерлерін қосқаннан кейін бұл одақ Тризония деп аталды. 1949 жылы Тризониядан Герман Федеративтік мемлекеті пайда болған еді. Бұл мемлекетте бірінші буржуазиялық үкімет құрылды да, оны басқарған Христиан-демократиялық партияның басшысы К.Аденауэр. Бұл үкіметке 13 банктың бастығы, 5 нацист кірді. Сол жылы оккупациялық мәртебе күшіне енген болатын. Бұл құжат үш оккупациялық мемлекеттердің үстемдігін нығайтты.

Жаңадан құрылған Федеративтік Герман мемлекетінің Конституциясы бұл мемлекетті құқықтық, әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Саяси өмірге қатысқан партия саны жиырма шақты, олардың арасындағы ең күштісі 5 партия. Олар Христиандық-демократиялық одақ; Христиандық-социалистік одақ; Социал-демократиялық және Азаттық-демократиялық партиялар; Жасылдар партиясы, тағы басқалары. Партияның құқықтары мен жағдайы

заңмен реттелген. Елдің саяси өмірін демократизацияландыру аяқталған жоқ. Еңбекшілер фашизм және милитаризмнің тамырына балта шабу үшін күресті. Бірақ оккупациялаушы өкімет орындары монополистік капиталдың мүддесіне қысым жасауға жол бермеді. Германия Коммунистік партиясы қуғын-сүргінге түсті.

Белсенді партиялардың саны азая берді. ХДС Герман мемлекетінің жетекші партиясы болды, ұзақ уақыт бойы оны басқарған адам Конрад Аденауэр (1876-1967). Ол герман және америка монополияларымен де тығыз байланысты болды. 1948 жылдың жазында батыс державалар оңаша ақша реформасын жүргізді, елдің экономикалық жағынан бөлшектенуіне алып келген де осы процесс. 1949 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Германияны бөлшектеу аяқталды. Батыс Германия Парламенті (бундес-таг) сайлауынан кейін Аденауэр үкімет құрды.

1949 жылдың сәуір айында оккупациялық статут қабылданды. Оны ЛҚШ, Франция және Ұлыбритания қабылдады. Бұл құжат осы үш мемлекеттің билігін бекітті және әскери оккупация режимін енгізді. Оккупациялық мемлекеттер ГФР және жерлердің конституцияларын бақылай алатын, егер осы мемлекеттердің заңдары ГФР конституциясына және Оккупациялық статутқа қарсы болса, оларды жоя алатын болды. 1951 жылы оккупациялық статуттың құзыреті азайды да, 1955 жылы ол мүлде жойылды. ГФР Дато одағына кірді.

1949 жылдың мамыр айында Германияның Конституциясы қабылданды, ол бойынша бұрынғы Германия екі мемлекеттен тұратын болды: олар ГФР және ГДР. Батыс мемлекеттерге бағыты жақын Германия ГФР деп аталып, өзінің буржуазиялық-демократиялық Конституциясына ие болды. Оны қабылдаған – тұрғылықты жерлердің өкілдерінен құрылған Парламент Кеңесі. Бонн конституциясы осыдан кейін жерлердің ландтагтарын тағайындады. Тек Бавария жері ғана Конституцияны бекіткен жоқ, ол Конституцияның елді бір орталыққа бағындыруы тым артық деп бағалаған болатын. Бірақ ол өзін ГФР мүшесі деп санады.

Конституция мемлекеттің негізгі заңы. Германия демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Бүкіл демократиялық құқықтар мен бостандықтар конституцияда бекітілді. Биліктің бөліну принципі енгізілді. Бұл Конституция бойынша Германияда халықаралық құқықтық нормалар мемлекет үшін міндетті, бейбіт өмірді бұзатын немесе соғыс дайындайтын әрекеттердің бәрі Конституцияға қарсы және қылмыс. Биліктің қайнар көзі – халық.

Германия федеративтік мемлекет болып бекітілді. Құзырет федерация мен жерлердің арасында 30, 70-баптарда бөлінген. ГФР Конституциясының Веймар Конституциясынан айырмашылығы көп. Енді жерлердің құзыреті кеңейді.

Конституцияны қорғау тетігі өте күшті жасалған болатын. Конституцияға қарсы құрылатын партияларға тыйым салынады.

ГФР-нің мемлекеттік құрылысы. ГФР-нің негізгі билік органдарына: бундесрат, бундестаг, федералдық президент, федералдық үкімет пен канцлер және федералдық конституциялық сот жатады.

Бундестаг халық сайлайтын өкілетті орган, ол 4 жылға сайланып қойылады. Сайлау жүйесі мажоритарлық жүйеге жатады. Бундестаг заң шығарады, халықаралық шарттарды бекітеді, федералдық президентті, үкіметті сайлайды.

Бундесрат парламенттің жоғарғы палатасы. Бундесратты жерлердің өкіметтері сайлайды, оның құқықтық жағдайының ерекшеліктері бар. Әрбір өкімет 3 депутаттан кем бермейді. Жердің өкіметі бундесраттың депутаттарына талап қояды, олар талапты орындауға тиісті. Қабылданатын заңдарды бундесрат қарап, өзінің пікірін білдіреді, жерлердің конституциясын, шекараларын өзгерту үшін осы органның келісімі керек.

Федералдық президент 5 жылға сайланады. Оның құқықтары аса кең емес. Президентті федералдық жиналыс (бундестагтың және лавдстагтың депутаттары) сайлайды. Ол жасы 40-қа толған, сайлау құқығы бар Германияның азаматы болуға тиіс. Президент тек екі мерзімге ғана сайлана алады. Президент федерацияның халықаралық қатынастардағы өкілі болып табылады, халықаралық шарттарға қолын қояды, соғыс жариялайды, федералдық судьяларды, қызметкерлерді тағайындайды және орнынан алады, кешірім құқығын жүзеге асырады, канцлердің кандидатурасын ойластырады. Веймар Конституциясымен салыстыратын болсақ, енді президенттің жағдайы әлсіреді де, канцлердің құзыреті күшейді.

ГФР канцлері өте қызық мемлекеттік тұлға, үкімет пен канцлердің арасындағы катынас ерекше қалыптасқан. ГФР парламентінің алдында үкімет формальды түрде жауапты, бірақ шынында парламент бүкіл үкіметті тағайындамайды және сенімсіздік білдірмейді. Ол тек канцлерді талқылаусыз сайлайды және сенімсіздікті соған ғана көрсетеді. Бундестаг канцлерге сенімсіздік көрсетсе, президент бундестагты тарата алады. Үкіметтің басқа мүшелерін президентке канцлер ұсынады, министрлердің құзыретін де сол анықтайды, өзінің орынбасарын тағайындауға құқылы. Федералдық үкімет заң шығару бастамасын жүзеге асырады. Кейде ол озі де заң шығара алады. Канцлер үкіметті басқарады, ол мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатының негізін белгілеп, федералдық министрлердің қызметін тексереді.

Конституциялық федералдық соттың мүшелері бундестагтың және бундесраттың депутаттары арқылы сайланады. Сот екі Сенаттан тұрады. Іірі Сенатқа 8 судья кіреді, олардың сайланып қойылатын мерзімі 12 жыл. Екінші мерзімге оларды сайлауға болмайды. Бұл соттың құзыретіне жа-атындар: заңдардың конституцияға сәйкестігін тексеру, жерлердің арасындағы таластарды қарау, жерлер мен федерацияның арасындағы таластарды қарау, азаматтардың, партиялардың конституцияға қарсы іс-әрекет істеген жағдайларында құқықтарын қарау.

Сот жүйесі. Сот қызметкерлері өмір бойына сайланады. Олар сотта азаматтық және басқа істерді қарайды, азаматтардың құқықтарын қорғайды.

Конституцияның 9-бөлімі заң органдарының құқықтық жағдайы мен мәртебесін бекіткен. Германияның сот жүйесі: Жоғарғы федералдық сот, Жоғарғы Қаржы соты, Еңбек дауларын қарайтын жоғарғы сот және әлеуметтік мәселелерді реттейтін жоғарғы сот деп бөлінеді.

ГФР 1949 жылы 10 Жерден тұратын, олардың әрқайсысының мемлекеттік құрылысы Конституцияға сәйкес болуға тиісті. Әрбір мемлекеттің өзінің Конституциясы бар. Олардың өкілетті органдары ландтаг деп аталады, олар Баварияда екі палатадан, басқа жерлерде бір палатадан тұрады.

ГФР мемлекеттік дамуының өзгерістерге толы кезеңі – 1954-56 жылдар. Конституцияға алынған түзетулер бойынша Германияда бундесвер және бәріне жалпы әскер міндеті енгізілді. Енді ГФР НАТО одағына қатыса алатын болды.

60 жылдары ГФР мемлекетінде төтенше бірнеше заңдар қабылданды, Коммунистік партия Конституцияға қарсы деген тұжырыммен жабылды, азаматтардың экономикалық құқықтары шектелді.

Соғыстан кейін Германияның экономикасы өте жылдам дами бастады. Германия соғысқа дейінгі дәрежесіне жетіп, одан асып түсті. Ол дүниежүзілік экономикада 2, 3-ші орын алатын болды. Германияны осы терең дағдарыстан шығарған Аденауэр мен Эрхардтың ақылды жақсы ойланған саясаты. Эрхард Германияның экономикалық өзгерістерінің архитекторы деп аталады. Германия ақша және экономикалық реформаларын сол адамның басшылығымен өткізді. Германияның жағдайы біздің мемлекеттің жағдайына ұқсас. Людвиг Эрхардтың рөлінің көрінген кезі Германияны авторитарлық монополистік экономикадан, нарықтық экономикаға көшіру кезеңінде. 1945-46 жылдары Германия өнеркәсібінің дамуы 1936 жылмен салыстырғанда 30 процентке жететін. Соғыс аяқталған кезде өнеркәсіп орындарының 15 проценті жойылды, бірақ 50-жылдың аяғында, 60-жылдардың басында Германияның ішкі өнімі 1950 жылмен салыстырғанда үш есе көбейді. Бір жылғы экономикалық өсу 10 процентке жетті, 8 миллион отбасы жаңа үй алып, жұмыссыз қалған адамдардың саны 1 процентке дейін азайды.

ГФР-дағы ең белсенді және күшті партия христиандық-демократиялық партия. Ол мемлекетті басқарған кезде Батыс Германия соғыстан кейінгі дағдарысты жеңіп, дүние жүзінде бірінші орынға шықты. Социал-демократиялық партия да мемлекетті басқарған кезең болды.

ГФР-ның жаңа кезеңі Шығыс Германияның коммунистік үстемдігі жойылғаннан кейін бастады. Шығыс Германия Кеңес одағы әскерлерінің оккупациясы, коммунистердің билігі аяқталғаннан кейін ГФР мемлекетімен қосылды. ГФР мемлекеті Шығыс Германияны өзіне бағындырып алды. Енді социалистік Шығыс Германиядан ештеңе қалған жоқ, ол ГФР одағында жаңа 6 жер құрды.

Шығыс Германияны Кеңес одағының әскери әкімшілігі басқарды. СЕПГ социалистік реформалардың көбін өткізді. Аграрлық реформа өтті, монополиялардың жерлері тәркіленіп, еңбекшілердің езгісі тоқтатылды.

ГДР-дің құрылған күні 1948 жылы 7 қазан. Заң шығару палатасына бірінші сайлау 1949 жылы өтті. 1952 жылы СЕПГ партиясының конференциясы өткеннен кейін, ГДР мемлекеті социализм құру жолымен жүретін болып шешілді. ГДР социализм құрғанша, ГФР дүние жүзінде бүкіл экономикалық жағдайы бойынша үлгілі орындарға шықты. Германия 1990 жылға дейін социалистік мемлекет болып, ерекше жолымен дамыды. 1990 жылы көктемде Шығыс Германияда екі Германияны біріктіру үшін азаматтық қозғалыс басталды, оны ГФР мемлекетінің ХДС партиясы басқарды. Бұл қозғалыстың негізгі талаптары мен бағдарламасын АҚШ, Франция және Ұлыбритания мемлекеттері жақтады. Екі Германияны біріктіру өте күрделі процесс екенін бәрі түсінді. Жалпы алғанда бұл өзгерістердің екі жолы байқалды. Бірінші бағыт (Гельмут Колль, Х. Модров) Шығыс Германияның демократиялық реформаларымен байланысты болды. Сол реформалар аяқталғаннан кейін екі Германия қосылып, жаңа Конституция қабылдап, мемлекеттік құрылысын бекітуге тиісті болды. Бұл бағыт Г.Кольдің 10 баптарында бекітілді.

Екінші жол Шығыс Германия, Батыс Германияның бір бөлігі ретінде ГФР-ға кіруге тиісті деп жоспарланғаны мәлім. Аяғында Консервативтік топтардың саясаты жеңіп, екі Германияның бірігуі осы жолмен жүзеге асырылды. 1990 жылы Шығыс Германияда парламенттің сайлауы өтті, бұған ГФР мемлекетінің ХДС, СвДП, СДПГ партиялары қатысты, бұл сайлауда ХДС партиясы жеңіске келді. Үкіметті Л. де Мэзьер басқарды. Ол Г.Кольдің көмегімен екі Германияның біріктіруін жылдамдатып, аяқтатты. 1990 жылы мамыр айында екі Германия бірінші шартқа қол қойды. Енді валюта, экономикалық, әлеуметтік одағы құрылды. 1990 жылы 31 тамызда екінші шарт бойынша ГДР егемендігі тоқтап, ол ГФР мемлекетіне қосылды. Бұл жағдайды Конституцияның 23-бабы реттеді. ГДР жерінде жаңа 5 жер құрылды, олардың мәртебесі ГФР конституциясымен реттелді. ГДР әскері, мемлекеттік құрылысы, халықтың әлеуметтік қорғау нормаларының көбі өзгерді. ГДР мемлекетінің партиялары ГФР-нің партияларымен бірікті, 2-желтоқсан күні жалпы мемлекеттің сайлауы өтті.

Гельмут Колль мен М. Горбачевтің рөлі осы процесте өте жоғары еді. Төрт мемлекет КСРО, АҚШ, Франция және Ұлыбритания екі Германияның бірігуіне бірталай қызмет етті. Енді Германияның шекарасы бұрынғыдай қала береді, оның жерінен тек бейбітшілік бастамалары пайда болады. Осы төрт мемлекеттің билігі аяқталды да, енді Германия толық егеменді мемлекетке айналды. Берлин қаласында екі мемлекетті жарты ғасыр бөлген шекара қабырға жойылды. Оның ыдырағанынан қалған ұсақ тастар тебәрік ретінде сатылып кетті. Екі мемлекеттің арасындағы қайшылықтардың бәрі шешілді деп айту қиын, бірақ бірігудің заңды, демократиялық, бейбітшілік әдіспенен жүргізілуі ХХ ғасырдың жақсы нышандарының бірі. Енді Германияда жаңа Конституция қабылдануға тиіс. Астанасы Берлин қаласына көшті.

Қорытынды

Әртүрлі уақыттарда әртүрлі елдерде антитрестік деп аталатын заңдар қабылданды. Мұндай заңдар монополистерге де, заңшығарушыларға да ұнаған жоқ. Бірақ одан бас тарту мүмкін емес болды. Бұған мысал, 1964-1965 ж. ж. ағылшын заңдары, 1957-ж. ГФР, 1953-ж. Франция заңы. Олар бәсекелестікке зиян келтіретін шарттарды заңсыз деп тапты. Бірақ заңға әдейі енгізілген жолдар оны айналып өтуге мүмкіндік берді.

Капиталистік елдердің отбасы құқығында маңызды өзгерістер орын алды. Отбасындағы әйелдің құқықтық жағдайы жақсартылды. Алғашқылардың бірі болып 1907-ж. француз заңы әйел жұмысшыға еңбекақысымен өзінің еркі бойынша пайдалануға құқық берді. 1938-ж. француздық заң әйелге егер күйеуі таңдаған жер тұрғын-жайға жарамайтын болса, сотқа арыздануға құқық берілді. 1965-ж. әйелге күйеуінің еркінсіз кәсіп таңдауға құқық берді. Англияда 1935-ж. күйеудегі эне тұрмысқа шықпаған әйелдер құқығы теңестірілді. Бірақ әйелдер жалақыны ерлерге қарағанда аз алады. АҚШ-та 1963-ж. конгресс актісі әйел мен ер адам еңбегін бірдей төлеуді міндеттеді. 1964-ж. еңбек құқығын қорғауда әйелдер теңдікке ие болды.

Капиталистік елдерде ажырасу үрдісі оңайластырылды. Некеден тыс туған балалар мұрагерлікке жіберіле бастады.

Гитлерлік Германияда 1934-ж. заңға сәйкес арилік емес адам «герман расасымен» некеге тұруға талпынса, түрмеге қамауға немесе өлім жазасына кесілді.

1956-1966-ж. ж. арасында антижұмысшылық заңдарға қарамастан ереуілдер қатысушыларының саны екі есе өсіп, 55-57 млн. -ға жетті.

Жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық және саяси талаптарының шеңбері кеңейе түсті. Олар жұмыс күнін шектеуді, кәсіпорындарды кәсіподақтардың басқаруын талап етіп, қаржы капиталының толық билігіне қарсы шықты. Ұзақ күрес нәтижесінде капиталистік елдерде жұмысшылар біраз жетістіктерге қол жеткізді.